

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім

2020 жылғы наурыздың 1-ші жұлдызында Еуропалық Одақтың барлық мүше мемлекеттері мен Еуропалық Парламент ратификациялаған [Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім](#) (КӘЫК) күшіне енеді.

2016 жылы Келісімнің уақытша қолданылуы басталғаннан бері [ЕО мен Қазақстан](#) сауда мен кеден ынтымақтастығы, қоршаған орта мен климат өзгерісі, энергетика мен жасыл экономика, көлік, заң үстемдігі, сондай-ақ адам құқықтары мен Келісімді орындау ісіне азаматтық қоғамның қатысуы сияқты салаларда басым жобаларды сәтті жүзеге асыру жолында ортақ жұмыс атқарып келеді.

Оның үстіне, 2019 жылы қабылданған [ЕО-ның Орталық Азия бойынша Стратегиясы](#) өңірдегі жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып, ортақ сын-қатерлерге бірге төтеп беру және өңірлік ынтымақтастықты нығайту үшін іргелі негіз құрайды.

КӘЫК уақытша қолданысқа енгізілуі бойынша қол жеткізген жетістіктер

КӘЫК аясында ынтымақтастық комитеттері, ынтымақтастық кеңестері мен кіші комитеттер отырыстарының және диалог алаңы барысындағы өзара әрекеттестік пен пікір алмасу арқылы Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы екіжақты ынтымақтастық ұдайы нығайып келеді. КӘЫК шеңберінде 29 саладағы ықпалдастық аясы кеңейтілді. Бірқатар ең маңызды жетістіктер төменде сипатталған.

Сауда

КӘЫК мақсаты (11 тарау) – **Қазақстан тұтынушылары мен шағын және орта бизнес мүдделеріне жауап беретін әділ әрі ашық бәсекелестікті алға тарту**. Келісімде "Сауда және орнықты даму" атты тарау (10-тарау) бар. Аталған тарау Қазақстан қоғамының игілігі үшін орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін еңбек құқықтары мен қоршаған ортаны қорғау бойынша бірнеше ережелерді қамтиды. Келісімнің "Сауда" бөлімі (III Бөлім) толықтай **заң үстемдігі пен бекітілген ережелер мен стандарттарға негізделген сауданы дамытуға жәрдемдесу ісіне арналған**. Бұл Қазақстан азаматтарының мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін аса маңызды.

Статистикаға сәйкес, 2018 жыл Қазақстан мен ЕО арасындағы сауда және инвестициялық ағыны тарапынан сәтті жыл болды. ЕО-ның Қазақстанға экспорты 5,8 млрд. еуроны құрап, 14 пайызға артты. Қазақстанның ЕО-ға экспортына келетін болсақ,

мұндағы сома 20,8 млрд. еуроны құрап, 18 пайызға артты. Осылайша, Қазақстан ЕО-тың Орталық Азиядағы бірінші сауда әріптесі, ал ЕО қазақстандық сауданың 40% үлесіне алып, Қазақстанның бірінші сауда серіктесі болып табылады. Бұл инвестиция тарапынан екі жаққа да тиімді жағдай. Қазақстанның Ұлттық банкі ұсынған статистикаға сәйкес, 2018 жылы ЕО-дан келген тікелей шетелдік инвестициялар жалпы ағынның 48% құрады.

2019 жылдың шілде айында құрылған және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Асқар Мамин басшылық ететін **экономикалық және іскерлік мәселелер жөніндегі Қазақстан Үкіметі мен ЕО арасындағы жоғары деңгейдегі Диалог платформасы** (Іскерлік платформа) ЕО мен Қазақстан арасындағы инвестициялар мен сауданың маңыздылығын көрсетеді. Соңғы бірнеше ай ішінде платформа аясында санитарлық және фитосанитарлық мәселелер, валюталық реттеу, экологиялық кодекс, мемлекеттік сатып алулар, заң үстемдігі, ауылшаруашылық техникасына утилизациялық алым енгізу және салық салу мәселелері талқыланды. Тақырыптардың мұндай кең ауқымдылығы - ЕО инвесторлары қызығушылығының жоғары екендігінің көрсеткіші. Платформа жұмысы өзара сауда мен инвестиция ағынының одан әрі ұлғаюына жол ашып, сауда саласындағы қиындықтарды жоюға және іскерлік климатты айтарлықтай жақсартуға септігін тигізді. ЕО-ҚР Сауда конфигурациясындағы Ынтымақтастық комитетінің жыл сайынғы отырыстары да Келісімнің сауда саласына арналған бөлімін орындаумен байланысты мәселелерді талқылаудың керемет мүмкіндігі.

Білім беру

КЭЫК аясында ЕО мен Қазақстан **адамдар арасындағы байланысты кеңейтуге міндеттенді, соның ішінде ғылым мен технологиялар, инновациялық даму, білім беру мен мәдениет салаларындағы ынтымақтастық пен ақпарат алмасу арқылы.**

"Erasmus+" бағдарламасы бойынша Орталық Азиямен ынтымақтастық орнату мақсатында 115 млн. евро қаражат бөлінді. Бұл қаражат Еуропа мен Орталық Азия арасында 7 400 жуық студент мен оқытушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз етеді. Қазақстан осындай студенттер мен оқытушылармен алмасудың шамамен 60% қатысады (4 115 студенттер мен оқытушылар).

Ғылыми зерттеулер, солардың ішінде ғалымдардың академиялық мобильділігі мен дайындығы, Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір маңызды саласы. Ынтымақтастықтың бұл саласы ЕО-ның "Горизонт 2020", атап айтқанда Мария Склодовская-Кюридің шәкіртақы бағдарламасы аясында қаржыландырылады. Қазіргі таңда "Горизонт 2020" бағдарламасы аясында ЕО-ның Қазақстанға бөлген жарнасы 300

000 еуроны құрайды. Бағдарламаның ең белсенді қатысушысы - "Горизонт 2020" жобаларына жалпы алғанда бес рет қатысқан Назарбаев Университеті.

Келісімнің күшіне енуі **Қазақстан Республикасының білім беру мен дайындау жүйелерін жаңғырту** және үздіксіз білім беруді алға тарту мақсатында ынтымақтастық орнату мүмкіндігін ашады (244 бап).

Қоршаған орта мен климат өзгерісі

2019 жылдың желтоқсан айында Еуропалық Комиссия "Еуропаның жасыл бағытын" ұсынды. Бұл құжат ЕО экономикасының орнықтылығын қамтамасыз етудің жол картасы. Оған қол жеткізудің жолы – саясаттың барлық салаларында климат мен экологиялық қыр көрсетулерді мүмкіндіктерге айналдырып, барлығы үшін әділ ауысуды қамтамасыз ету. **ЕО Қазақстанның жасыл экономика моделіне көшуін толық қолдайды.**

ЕО мен Қазақстан климат өзгерісіне арналған үш күндік семинар өткізді. Семинарда Келісімнің климат бойынша тарауын орындау жағынан ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды. Семинар барысында екі жақ климат өзгерісі саласындағы сәйкес саясат бойынша ортақ түсіністігін нығайтты, ал Қазақстан Париж келісімі мен Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы аясындағы халықаралық міндеттемелерге сәйкес өзінің ұлттық негіздемелік тұжырымдамасын әзірлеу үшін пайдалы ақпарат алды.

ЕО мен Қазақстан арасындағы екі жақты диалогтың негізгі басым бағыттары – су ресурстарын басқару, қоршаған ортаның басқа салалармен бірігуі, **жасыл және циркулярлық экономикаға көшу** мәселелері. Қазақстан - Қоршаған ортаны қорғау мен климат өзгерісі саласындағы ЕО-Орталық Азия сарапшылары жұмыс тобының белсенді қатысушысы. Бұл жұмыс тобы Қоршаған ортаны қорғау мен су ресурстары саласындағы ЕО-Орталық Азия ынтымақтастығы платформасының аясында құрылған. Аталған топтың соңғы отырысы 2020 жылғы 12-13 ақпанда Брюссель қаласында өтті.

Келісімнің күшіне енуі Еуропалық Одақ пен Қазақстанға қоршаған орта мәселелері бойынша ынтымақтастығын нығайтып, қоршаған орта саласында орнықты даму мен тиісті басқару ісіне (212 бап) үлес қосуға мүмкіндік береді. Еуропалық Одақ пен Қазақстан климаттың өзгеруіне қарсы күрес және климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша ынтымақтастықты дамытып, нығайтуы тиіс (215 бап).

Энергетика

Энергетика саласында,соның ішінде **көмірсутекті энергетика, жаңартылатын энергия көздері, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу** салаларындағы ережелер уақытша қолданысқа енгізілген (5-тарау).

Қазақстаннан Еуропалық Одаққа жасалатын мұнай мен уран экспорты өте маңызды. Ол Еуропа континентінің энергетикасын әртараптандыруға жағымды үлесін қосады. Қазақстан ЕО-ның мұнайға деген сұранысының шамамен 6% және уранға деген сұранысының 21% астамын қамтамасыз етеді.

ЕО Қазақстанның төмен көміртеккі энергетика жүйесін алға тарту, атап айтқанда 2050 жылға қарай электр қуатының 50% төмен көміртеккі көздерден өндіру бойынша маңызды мақсатын қолдайды. Келісім Еуропалық Одақпен жаңартылатын энергия мен энергия тиімділігі сияқты секторларда ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін ұсынады. Жақында құрылып, 2018 жылы іске қосылған аукцион механизмі Қазақстанның жаңартылатын энергия секторындағы маңызды жетістік болды. Бұл ынтымақтастық КЭЫК толық күшіне енгенінен кейін нығая түспек.

Бұған қоса, Қазақстан мен ЕО Келісім аясында Энергетикалық хартияны жаңғырту мен оны қайта қарастыруға бірлесіп күш жұмсауда.

Көлік саласы

Бүгінгі таңда көлік саласындағы ынтымақтастық бойынша ережелер уақытша қолданысқа енгізілген (6-Тарау).

ЕО мен Қазақстан **авиация қауіпсіздігі бойынша диалогын** бастады. Қазақстан, әсіресе 2016 жылдың желтоқсан айында барлық қазақстандық әуекомпанияларының ЕО ұшу қауіпсіздігінің тізімінен шығарылғаннан кейін, ЕО-ның ұшу қауіпсіздігі мен авиация қауіпсіздігі бойынша жобаларына, сонымен қатар, теңіз қауіпсіздігі бойынша жобасына қатысады. ЕО мен Қазақстан Темір жол ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) отырыстары аясында бірге жұмыс істейді.

Адам құқықтары

Келісімде Қазақстанға реформа жүргізу мен жаңғырту үдерістерінде қолдау көрсетіле отырып, демократия, заң үстемдігі, адам құқықтары мен негізгі бостандықтар мәселелеріне ерекше мән беріледі. Қазақстан жыл сайын ЕО бірге Сот әділдігі мен ішкі істер жөніндегі кіші комитет және Адам құқықтары жөніндегі диалог отырысын өткізеді. **Адам құқықтары жөніндегі диалог** отырыстарында адам құқықтарына байланысты кең ауқымды мәселелер, пенитенциарлық жүйе, азаптау мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу, азаматтық қоғам, ассоциациялар мен бейбіт

жиналыстар бостандығы, әйелдер мен балалар құқықтары, кемсітушілікке жол бермеу, сөз бостандығы мен дін немесе сенім бостандығы мәселелері талқыланады.

Сот әділдігі мен ішкі істер жөніндегі кіші комитет отырыстары – бұл заң үстемдігі, тиімді басқару мен сот жүйесін реформалау, заң саласындағы ынтымақтастық, ақшаның ізін жасыру және сыбайлас жемқорлықпен күрес, көші-қон, баспана құқығы мен шекара басқару, терроризмге қарсы күрес және зорлық-зомбылық экстремизмнің алдын алу мәселелерін талқылау мүмкіндігі.

ЕО мен Қазақстан арасындағы нығайтылған ынтымақтастық

Келісімнің толық күшіне енуі осы күнге дейін Келісімнің уақытша қолданылуының аясында қамтылмаған салаларда, мысалы, шағын және орта кәсіпорындары, туризм, жұмыспен қамту, еңбек қатынасы, денсаулық сақтау, білім беру, зерттеулер мен инновациялар, өндіріс, климат өзгерісі, мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ қауіпсіздік салаларында ынтымақтастықты нығайту үшін ең маңызды мақсат болды.

Ақпараттық анықтама

Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері ішінде бірінші болып Еуропалық Одақпен Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл Келісім 1 наурызда күшіне еніп, 1999 жылдан бері келе жатқан Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді алмастырады. 2016 жылдың мамыр айында Келісімнің уақытша қолданысы басталды.